

**Педагогикалық әдеп кенесі отырысының  
№ 4 хаттамасы**

10 мамыр 2023 жыл  
Катысқандар: 10

**Күн тәртібінде:**

1. 1. Тест «Педагог этикасы және қарым-қатынас мәдениеті»
2. 2. КР Білім туралы заңы

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кенесінің төрайымы Жүлдыбаева С.У. сөз алды.**

**Тыңдалды:**

Әріптерестер сіздерге «Педагог этикасы және қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбында тесттер таратылады. Тестті толтырып тапсырамыз. Дұрыс жауаптар талқыланады.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кенесінің төрайымы Жүлдыбаева С.У. сөз алды.**

**Тыңдалды:**

Казакстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 заңы.

**11-бап. Білім беру жүйесінің міндеттері**

1. Білім беру жүйесінің міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шындауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

- 2) жеке адамның шығармашылық, рухани және құш-куат

мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Казакстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге тәзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдеб-ғұрпты мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін менгерту;

- 6) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін көңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;

8) қоғам мен экономиканың қажеттеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

9) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді

пайдалану;

10) жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;

- 11) білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциясы;
- 12) білім алушылардың кәсіптік ұмтылысын қамтамасыз ету;
- 13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптермен белсенді өзара іс-кимыл арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету;
- 14) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім алуы үшін арнаулы жағдайлар жасау болып табылады.

### 37-бап. Қосымша білім беру

1. Балаларға қосымша білім беру олардың түрлерін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындастын білім беру үйымдарында және мектептен тыс үйымдарда жүзеге асырылады.

Қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметтерін білім алушыларға бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдары көрсетеді және шарттық негізде ұсынады.

### Кеңес шешімі:

1. Педагогтар үнемі әдеп нормаларын сақтау.
2. Білім саласына қатысты зандарды оқып, білу және сақтау.

Кеңес төрайымы:

Жулдыбаева С.У.

Хатшы:

Дүйсенова А.Е.